



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

8D01513 - Биология

Білім беру бағдарламасының мақсаты

Қазіргі заманғы метапәндік, коммуникативтік, сандық, құзыреттілігі қалыптасқан, педагогикалық қызмет саласындағы әлеуметтік маңызы бар міндеттерді заманауи ғылыми-практикалық деңгейде шығармашылықпен және жоғары кәсіби түрде шешімін таба білетін, сондай-ақ жоғары әлеуметтік және азаматтық жауапкершілігі бар биология педагогтарын даярлау

Кәсіби бағытының саласы

Білім берумен байланысты оқу және тәрбие, ғылыми-зерттеу қызметі, сондай-ақ мемлекеттік реттеу

Оқыту нәтижелері (ОН)

ОН1 - биологияны оқыту әдістері мен биологияның заманауи бөлімдерінде қолдана алатын зерттеу әдістерін таңдау;

ОН2- білім беру және басқару қызметтеріне шолу жасау;

ОН3 - ғылыми және практикалық міндеттердің өзекті мәселелерін шешу үшін ғылыми ақпараттарды алу, өңдеу және сақтау әдістерін қолданады, оның ішінде заманауи ақпараттық технологияларды пайдаланады;

ОН4 - биология саласындағы заманауи ақпараттарды талдау, сауатты түрде қорытынды жасау, оны мемлекеттік, орыс, шет тілдерінде түсіндіру;

ОН 5 - биологиялық білім беру саласы бойынша зерттеулер жүргізу және алынған нәтижелерді практикалық қызметке ендіру;

ОН 6- оқу үрдісін ағылшын тілінде BL форматында, оның ішінде online режимінде жоспарлау;

ОН 7 – білім беру үрдісін құрылымдау үшін оқыту нәтижелерін бағалау әдістемесін әзірлеу;

ОН 8 - ғылыми зерттеулердің әртүрлі әдістерін ұсыну, жұмысты құру логикасын дамыту және қорытынды жасау.